


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

«Топтық тергеу» әдісі шағын топтармен ізденіс жұмысты әр түрлі бағытта беруді жаңа сабақты меңгеру мақсатында жүргізу.

Қолдану ережесі: Шағын топтар тапсырмасы:

1-топ. Мазмұнды баяндайды.

2-топ. Деңгейлі сұрақтар қояды.

3-топ. Тақырыпты зерттейді.

4-топ. Тақырып бойынша сурет салады.

5-топ. Шығарма мазмұнын өмірмен байланыстырады.

6-топ. Ерекше сөздер мағынасын табады.

«Әңгіме ішіндегі әңгіме» әдісі. Әңгіме жанрындағы шығарманы талдауда оқушының пікірі мен көзқарасы бойынша айтатын өз әңгімесі.

1. «Ақылдың алты қыры» әдісі. бір мазмұнның жан-жақты қырын ашу. «Ақылдың алты деңгейі» әдісі арқылы тапсырма бере отырып, оқушының зерттеушілік, бағалай алу қабілеттерін дамыту. Ұғу – жаңа ақпаратты ұғады, есте сақтайды.

2. Әліптеу – түсінеді, болжайды, бір күйден екінші күйге ауысады.

3. Аңдау- тәжірибеде қолданып көреді, мәселені шешуге тырысады.

4. Тану – бүтінде бөлшектеу, бөлшекті тұтасқа айналдырады, салыстырады, дәлелдейді.

5. Ақылға салып айналады, жеке шығармашылық жұмыс жасайды, енгізеді, қорғайды.

6. Бағамдау- жаңалық ашады, ұсынады, қорғайды, жариялайды. Не үйренгенін, оның өмірінде қандай пайдасы юар екенін, не үшін керек екенін бағалайды.

Қорыта айтқанда, ұлтымыздың ұлы ұстазы баланың сауатын ашу әдістерін қайткен күнде дамытамын, жетілдіремін деп әлемдегі ең сәтті тәжірибелерді зерттеп, озығын таңдап, мұғалімдердің меңгеруіне жол ашты. Ахметтің әдістерін саралай келе, оның ғұмырлық мұра екендігіне толықтай көзім жетті. Ондай болса, бүгінгі күннің ұстаздары, болашақ ұрпақтың саналы, білімді, іздемпаз, өзі үшін оқу керек екенін ұғатын шәкірт тәрбиелеп, тұлға қалыптастыра білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадырбекұлы, Р. "Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы". – Астана: Білім Баспасы, 2021.
2. Алдажұманов, М. "Ахметтану: Әдістемелік нұсқаулық". – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
3. Байтұрсынұлы, А. "Таңдамалы шығармалар". – Астана: Қазақстан, 2020.
4. Төлеубаев, Б. "Ахмет Байтұрсынұлы: Ғылыми-әдеби көзқарас". – Алматы: Білім және Ғылым, 2019.
5. Мұхтаров, А. "Қазақ тілінің дамуы және Ахмет Байтұрсынұлы". – Астана: Тіл Таңдау, 2021.
6. Жұмабекова, Г. "Ахметтану әдістемелері". – Алматы: Ғылым және Білім, 2020.
7. Ибраев, И. "Қазақ әдебиетіндегі классикалық мұра: Ахмет Байтұрсынұлы". – Астана: Қазақ Баспасы, 2022.

А.К. Курманова

педагогика ғылымының магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің PhD докторанты

Қазақстан, Көкшетау қ.

k_ainash_k@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические основы и практические аспекты применения коммуникативной технологии в обучении казахскому языку. Коммуникативная технология способствует развитию у обучающихся языковых, речевых и межкультурных навыков общения. В статье подробно анализируются виды коммуникативных упражнений, их особенности, эффективность и методы применения. В результате исследования выявлен потенциал данной технологии в повышении качества обучения казахскому языку.

Ключевые слова: коммуникативная технология, коммуникативные упражнения, языковая компетенция, методика обучения, казахский язык.

Abstract. This article explores the theoretical foundations and practical aspects of applying communicative technology in teaching the Kazakh language. Communicative technology enhances learners' linguistic, speech, and intercultural communication skills. The paper provides a detailed analysis of types of communicative exercises, their features, effectiveness, and application methods. The findings reveal the potential of this technology to improve the quality of Kazakh language instruction.

Keywords: communicative technology, communicative exercises, language competence, teaching methodology, Kazakh language.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану – педагогика саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, тіл үйретуде қатысымдық технологияның рөлі ерекше, себебі ол білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Қатысымдық технология тілді меңгеру барысында жеке тұлғаның тілдік, сөйлеу және мәдениаралық қатынасқа түсу қабілетін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басты мақсаттарының бірі – қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілер үшін тиімді оқыту жүйесін құру [1]. Осы орайда, қатысымдық технологиялар оқытудың заманауи талаптарына сәйкес келетінін атап өткен жөн. Бұл технологияның негізінде шынайы өмірлік жағдайлар, сөйлеу әрекетінің түрлері, оқытудың интерактивті тәсілдері мен шығармашылық тапсырмалар жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, бұл мақалада қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясының теориялық негіздері, практикалық қолданылу ерекшеліктері және білім алушылардың тілді меңгеруіне ықпалы қарастырылады. Зерттеу барысында қатысымдық жаттығулардың түрлері мен әдістері талданып, білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытудағы тиімділігі анықталады.

Қатысымдық технологияны қолдану арқылы білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту – тек тіл меңгерудің тиімді әдісі ғана емес, сонымен қатар оларды қазақ тілінде еркін, шынайы қарым-қатынас жасауға дайындаудың маңызды құралы. Осы бағыттағы зерттеулер мен тәжірибелер оқыту әдістемесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан мақалада қазақ тілін оқытуда қатысымдық технологияны қолданудың әдістемелік негіздерін анықтап, оның практикалық маңыздылығын айқындау *мақсат* етілді. Оны жүзеге асыру үшін төмендегідей *міндеттер* қойылды: қатысымдық технологияның теориялық негіздерін анықтау; қатысымдық жаттығулардың түрлерін жүйелеу және сипаттау; қазақ тілін оқытуда қатысымдық технологияны қолдану әдістемесін әзірлеу; қатысымдық технологияның практикалық тиімділігін бағалау.

Қатысымдық технология – бұл тіл үйрету барысында білім алушылардың қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған әдістемелік тәсіл. Оның негізінде шынайы өмірлік жағдайларды модельдеу, тілдік және сөйлеу әрекеттерінің түрлерін қолдану, сондай-ақ оқу үдерісін белсенді әрі тиімді ету ұстанымдары жатыр. Бұл технология білім алушылардың тек тілдік білімін ғана емес, сонымен бірге сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын кешенді түрде дамытуды көздейді [2]. Оның мәні білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда.

Қатысымдық құзыреттілік – белгілі бір тілде қарым-қатынас жасауға қажетті білім, білік және дағдылардың жиынтығы [3]. Бұл құзыреттілікке қол жеткізу үшін оқыту үдерісінде оқу материалдарын өмірлік жағдайлармен байланыстырып, білім алушыны белсенді қарым-қатынасқа тарту маңызды.

Қатысымдық технология шет тілін оқытуда кеңінен қолданылатын әдіс ретінде танымал. Бұл технологияның шет тілін оқытудағы рөлі *интерактивтілік*, *ынталылық*, *шынайылық* сынды бірқатар артықшылықтармен ерекшеленеді. *Интерактивтілік* – білім алушылар бір-бірімен және оқытушымен тікелей қарым-қатынас жасайды, бұл олардың тілдік дағдыларын тез дамытуға ықпал етеді. *Ынталылық* – өмірлік жағдайларға негізделген тапсырмалар білім алушылардың қызығушылығын арттырады. *Шынайылық* – жаттығулар мен тапсырмалар күнделікті өмірдегі қарым-қатынас жағдайларын модельдейді [4]. Дәстүрлі грамматикалық-

аудармалық әдіспен салыстырғанда, қатысымдық технология білім алушылардың сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамытуға көп көңіл бөледі. Егер дәстүрлі әдістерде тілдік ережелерді жаттап алу басым болса, қатысымдық технологияда білім алушылар сол ережелерді қарым-қатынас жағдайларында қолдануға бейімделеді. Қатысымдық жаттығулардың құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктеріне келер болсақ, олар сөйлеу әрекетінің төрт түрін (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) кешенді түрде дамытуға бағытталады. Жаттығулар *тілдік және сөйлеу* болып екі негізгі түрге бөлінеді. *Тілдік жаттығулар* – жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды меңгеруге бағытталған. Мысалы, жаңа сөз тіркестерін құрастыру немесе грамматикалық ережелерді қолдану. *Сөйлеу жаттығулары* – қатысымдық жағдайларда тілдік құралдарды қолдануға арналған. Мысалы, сұрақ-жауап, диалогтар құру, рөлдік ойындар [4]. Ал құрылымдық тұрғыдан қатысымдық жаттығулар *мазмұндық, контекстуалды, креативті* болады. *Мазмұндық* – шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа негізделген тақырыптарды қамтиды. *Контекстуалды* – тапсырмалар нақты жағдайлармен байланыстырылады (мысалы, дүкенде тауар сатып алу немесе дәрігермен сөйлесу). *Креативті* – білім алушылардың өз идеяларын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қатысымдық технологиялар қазақ тілін оқытуда да ерекше орын алады, себебі бұл технологиялар тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге бағытталған. Сонымен қатар, ол ұлттық-мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып, тілді меңгерудің тиімділігін арттырады. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңғыртуға және білім алушылардың тілді тез әрі сапалы меңгеруіне мүмкіндік береді. Оның негізгі жолы – қатысымдық жаттығулар.

Қатысымдық жаттығулар – нақты қарым-қатынас жағдаяттарында тілдік құрылымдарды белсенді қолдануға баса назар аудара отырып, білім алушылардың қатысымдық және тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы әзірленген практикалық іс-әрекет. *Оның мәні* – білім алушыларға нақты немесе симуляциялық қарым-қатынас жағдайында тілдік дағдыларды қолдану және дамыту үшін практикалық мүмкіндіктер беру. *Оның басты ерекшелігі* – жаңа лексикалық бірліктердің формасын жеткілікті түрде игеруді қамтамасыз ету, лексикалық дағдыларды дамыту. Яғни, лексикалық бірлікті барабар және дұрыс пайдалану, оның басқа бірліктермен үйлесуі әрі осы лексикалық бірлікті сөйлеу жағдаяттарында қолдану. Олар білім алушылардың тілді белсенді қолдануына мүмкіндік беріп, интерактивті және шығармашылық әдістер арқылы тілдік және қатысымдық құзыреттіліктерін дамытады. Қатысымдық жаттығулар мазмұны мен құрылымы бойынша әртүрлі түрлерге бөлінеді. Атап айтсақ, *сұрақ-жауап, диалогтық жаттығулар, рөлдік ойындар, сюжеттік тапсырмалар, интерактивтік жаттығулар*.

Сұрақ-жауап жаттығулары білім алушылардың тыңдау және жауап беру қабілетін дамытуға бағытталған. Сұрақтар нақты, қисынды және шынайы жағдайларға негізделеді. Мысалы, *Сен бүгін таңертең не істедің?* деген сұрақ білім алушылардың өткен шақты дұрыс қолдануына ықпал етеді. Оның маңыздылығы *тыңдап-түсіну қабілетін жетілдіреді, жылдам әрі мазмұнды жауап беру дағдысын қалыптастырады, диалогты бастау және қолдау тәжірибесін береді*.

Диалогтық жаттығулар (пікірлесім) білім алушыларды нақты қатысымдық жағдайларға ендіреді. Бұл жаттығулар қарым-қатынас жасаудың негізгі формаларын меңгертуге бағытталған [5]. Диалогтар күнделікті өмірлік тақырыптарды қамтиды, мысалы, *дүкенде тауар сатып алу немесе достармен жоспар құру*. Нәтижесінде білім алушылардың *сөйлеу мәдениетін дамытады, қарым-қатынаста рөлдерді қабылдау және жауап беру дағдыларын жетілдіреді, интонация, екпін және сөз таңдау сияқты сөйлеу аспектілеріне назар аударады*.

Рөлдік ойындар шынайы өмірлік жағдайларды модельдеу арқылы білім алушылардың шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамытады. Бұл жаттығуларда білім алушылар белгілі бір рөлдерді орындай отырып, тілді қолданады (мысалы, дәрігер мен пациент арасындағы әңгіме). Нәтижесінде *тілді нақты жағдайларда қолдануға үйретеді, білім алушылардың сенімділігін арттырады, мәдениаралық қарым-қатынас ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі*.

Сюжеттік тапсырмалар білім алушыларға белгілі бір тақырыпқа сәйкес сюжетті аяқтау, әңгіме құру немесе оқиғаны баяндау ұсынылады. Мысалы, *Сен жазғы демалыста не істедің?* деген тапсырма. Оның маңыздылығы білім алушылардың шығармашылық ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамытады, сөйлемдерді қисынды және құрылымды түрде құру дағдыларын қалыптастырады, мәтіндік сөйлеуді жетілдіреді.

Интерактивті жаттығулар қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылады. Бұл жаттығулар сандық платформалар мен мультимедиа құралдарын пайдалану арқылы тілдік әрекеттерді ұйымдастырады. Мысалы, онлайн викториналар, чат-боттармен сөйлесу, виртуалды тақырыптық турлар. Маңыздылығы *тілді меңгеруде заманауи құралдарды қолдануға үйретеді, қызығушылықты арттырады және оқу үдерісін жандандырады, тіл үйрену барысында шынайы қарым-қатынас жағдайларын қамтамасыз етеді.*

Қатысымдық жаттығулардың әр түрі білім алушылардың тілдік дағдыларын әр қырынан дамытады. Олар тек сөйлеу мен тыңдау дағдыларын ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық, қисынды ойлау және қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіреді. Оқытушы жаттығуларды таңдау кезінде білім алушылардың тілдік деңгейі мен қажеттіліктерін ескеруі маңызды. Сонымен қатар қазақ тілін оқытуда қатысымдық технологияны қолдану білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуда ерекше тиімді. Бұл технология шынайы қатысымдық жағдайларды ескере отырып, тілдік дағдыларды кешенді түрде дамытуға бағытталады. Оқыту барысында қатысымдық әдістерді жоспарлау, деңгейге бейімдеу [6] және оларды дәстүрлі әдістермен үйлестіру оқыту үдерісінің сапасын арттырады.

1) Грамматикалық жаттығуларды қатысымдық тапсырмаларға енгізу барысында тілдік ережелерді дәстүрлі жаттығулар арқылы түсіндіріп, қатысымдық әдістермен бекіту қажет. Сондықтан грамматикалық ережені түсіндіргеннен кейін, оны рөлдік ойын барысында қолдану тиімді. Мысалы, *грамматикалық ереже*: Болымсыз етістік формасын қолдану (мысалы, *бармаймын, оқымадым, сөйлеспеймін*).

Дәстүрлі жаттығуда білім алушыларға болымсыз етістіктерді қолдануға арналған тапсырма беріледі. Оның мақсаты берілген сөйлемдерді болымсыз формаға айналдыру. Мысалы, *Мен кітап оқимын. Біз сабаққа барамыз. Ол үйде жұмыс істейді.* Білім алушылар бұл тапсырманы былай орындайды: *Мен кітап оқымаймын. Біз сабаққа бармаймыз. Ол үйде жұмыс істемейді.* Келесі кезекте қатысымдық әдіс бойынша жаттығу рөлдік ойын түрінде ұйымдастырылады. Мысалы, «Мен не істемеймін?» ойыны. Білім алушылар жұптарға бөлініп, бір-біріне келесідей сұрақтар қояды: *Сен бүгін мектепке бардың ба? Сен таңертең кофе іштің бе? Сен сабаққа дайындалдың ба?* Білім алушы берілген сұрақтарға болымсыз етістікпен жауап беруі керек. Мысалы, *Жоқ, мен бүгін мектепке бармадым. Жоқ, мен таңертең кофе ішпедім. Жоқ, мен сабаққа дайындалмадым.* Бұл мысал грамматикалық жаттығуларды қатысымдық тапсырмаларға енгізудің тиімділігін көрсетеді. Осы жаттығуды талдайтын болсақ, *дәстүрлі әдістің артықшылығы* ереже нақты түсіндіріледі, білім алушылар етістіктің болымсыз формаларын дұрыс құруды үйренеді. Десек те, білім алушылар тек грамматикалық формаларды жаттауға бейімделеді, оларды сөйлеу жағдайында қолдану мүмкіндігі жоқ. *Қатысымдық әдістің* артықшылығы білім алушылар етістікті шынайы қарым-қатынас жағдайында қолдануды үйренеді, бұл сөйлеу дағдыларын дамытады. Рөлдік ойындар білім алушылардың қызығушылығын арттырады және олардың белсенді қатысуына ықпал етеді. Нәтижесінде грамматикалық формалар автоматтандырылып, оларды қолдану дағдылары бекітіледі. Грамматикалық ережелерді рөлдік ойындар мен шынайы қарым-қатынас жағдайларына енгізу білім алушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл грамматикалық және қатысымдық құзыреттілікті бір уақытта жетілдіреді, оқыту сапасын арттырады.

2) Дәстүрлі оқыту әдістерімен сөздік қорды байыту мақсатында сөздер мен сөз тіркестерін жаттауға арналған диктант немесе сөздік жұмысынан кейін қатысымдық тапсырмалар ұйымдастырылады. Мысалы, берілген сөздерді пайдаланып, диалог құраңыз. *Мақсаты* сөздік қорды байытып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдану арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Мысалы ретінде «Демалыс және саяхат» тақырыбын алайық. Дәстүрлі

әдіс бойынша біріншіден, сөздік жұмыс ұйымдастырылады. Білім алушыларға жаңа сөздер мен сөз тіркестері беріледі. Мысалы, *демалыс, табиғат, жоспар, саяхаттау, қала сырты*. Екіншіден, оқытушы сөздердің мағынасын түсіндіреді, содан кейін білім алушылар оларды дәптерлеріне жазады. Білім алушылар берілген сөздерді дұрыс жаза отырып, мағынасын есте сақтауға тырысады. Үшіншіден, қысқа диктант өткізеді. Мысалы, *Мен жазда демалысқа шықтым. Біз табиғатқа саяхаттадық. Қала сыртында достарымызбен демалдық*. Төртіншіден, қатысымдық әдіс бойынша берілген сөздерді пайдаланып, жұппен диалог құрастыру тапсырылады. Мысалы, *А: Сен жазда қайда демалдың? В: Мен қала сыртында табиғатта демалдым. Ал сен ше? А: Мен достарыммен бірге саяхаттадым. Демалысың қалай өтті? В: Тамаша! Табиғатта уақыт өткізу өте ұнады*. Міне, осы бағытта дәстүрлі әдіспен жүргізілген жұмыстың нәтижесінде білім алушылар жаңа сөздердің жазылу ережелерін түсінеді, олардың мағынасын меңгереді. Ал жаңа сөздерді сөйлеуде қолдану мүмкіндігі шектеулі болады. Себебі білім алушылар сөздерді механикалық жаттаумен ғана айналысады. Бұл жердегі қатысымдық әдістің артықшылығы жаңа сөздерді қарым-қатынас жағдайында қолдануға мүмкіндік береді. Диалог арқылы білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдылары дамиды. Тілдік жағдайдың табиғилығы олардың сөздік қорын тиімді бекітеді. Жұптық жұмыс олардың белсенділігін арттырады, қызығушылығын оятады. Сонымен қатар қатысымдық тапсырмалар жаңа сөздерді шынайы өмірде қолдану дағдыларын қалыптастырады. Бұл сөздік қорды байытып қана қоймай, білім алушылардың қазақ тілінде еркін сөйлей алуына ықпал етеді. Дәстүрлі сөздік жұмысы мен қатысымдық тапсырмаларды үйлестіре отырып, білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп, олардың сөйлеу қабілетін дамытуға қол жеткізуге болады. Мұндай әдістемелік тәсіл теориялық білімді практикалық қолданумен ұштастырады.

3) Тілдік құзыреттілікті кешенді дамыту барсында дәстүрлі әдістер арқылы тілдік құрылымды меңгерту көзделеді, ал қатысымдық әдістер арқылы оны сөйлеу үдерісінде қолдану мақсат етіледі. Мысалы: «Сөйлем құрау» тапсырмасын орындаған соң, білім алушылар бұл сөйлемдерді өзара әңгімелесуде қолданады. Оның **мақсаты** білім алушылардың грамматикалық құрылымды дұрыс қолдануын қамтамасыз ету және оны қарым-қатынас үдерісінде тиімді пайдалану. Мысалы, **білім алушылар** «Болашақ жоспарлар» тақырыбында **дәстүрлі әдіс бойынша** сөйлем құрау тапсырмасын орындайды. Одан кейін оқытушы білім алушыларға келер шақ формаларын («-мақ/-мек», «-йын/-йім», «-атын/-етін») түсіндіреді. Кейін *демалыс, саяхат, жоспар, оқу, достар* сөздерін пайдаланып, сөйлем құратады. Олар *мен келесі аптада демалмақпын. Біз жазда тауға саяхатқа барамыз. Олар демалысты қала сыртына өткізбек* деген сияқты сөйлемдер құрады. Ал содан кейін **қатысымдық әдісті қолдана отырып**, жұптық диалог ұйымдастырамыз. Ол үшін: *Сен келесі демалыста не істемексің? Мен тауға бармақпын. Ал сен ше? Мен достарыммен бірге саяхаттауды жоспарлап отырмын. Қызық екен! Біз де бірге барсақ бола ма?* деген сияқты диалогты жалғастыратын сұрақтар қоя отырып, БЖӘ әдісін пайдаланамыз. Яғни, «бастама» сұрақ қоямыз, «жауап» сұраққа жауап береміз, «кейінгі әрекет» қолдаймыз, ары қарай сұрақты бағыттаймыз [7, 37]. Бұл **дәстүрлі әдіске негізделген жұмыстың артықшылығы келер шақ** формаларының грамматикалық құрылымын нақты меңгеруге мүмкіндік береді. Білім алушылар сөйлем құрауға қажетті сөздік қор мен ережелерді меңгереді. Десек те, сөйлем құрау шынайы қарым-қатынас жағдайында қолданылмайды, бұл жаттығудың тәжірибелік маңызын төмендетеді. Ал **қатысымдық әдістің артықшылығы** сөйлемдерді қарым-қатынас үдерісінде қолдану арқылы білім алушылар грамматикалық құрылымдарды бекітеді. Диалог арқылы тілдік орта қалыптасады, білім алушылар еркін сөйлеуге дағдыланады. Қарым-қатынасқа бағытталған тапсырма білім алушылардың қызығушылығын арттырады және оларды белсенді әрекетке итермелейді. Грамматикалық құрылымдарды меңгеру тек теориямен шектелмей, оларды практикалық түрде қолдану арқылы нығайтылады. Бұл әдіс білім алушылардың тілдік құзыреттілігін кешенді дамытуға ықпал етеді. Дәстүрлі әдіс пен қатысымдық тәсілді үйлестіру білім алушылардың тілдік құрылымдарды меңгеруін және

оларды нақты қарым-қатынас жағдайларында қолдану дағдыларын дамытады. Мұндай тәсіл оқытудың практикалық тиімділігін арттырып, қазақ тілін еркін меңгеруге жол ашады.

Қорыта келгенде, қазақ тілін оқытуда қатысымдық технологияны қолдану білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Сабақ жоспарында қатысымдық жаттығуларды деңгейге бейімдеп, оларды дәстүрлі әдістермен үйлестіре отырып, оқыту тиімділігін арттыруға болады. Бұл әдіс білім алушылардың шынайы қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытып, олардың қазақ тілінде еркін сөйлеуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 2023 жылдың 16 қазандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №914 Қаулысы.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Изд. 2-е. – М.: Просвещение, 1991. – 223 с.
3. Скалкин В.Л. Коммуникативные упражнения на английском языке: пос. для учителя. – М.: Просвещение, 1993. – 128 с.
4. Методика как наука: учеб. пос. / под ред. Е.И. Пассова, Е.С. Кузнецовой. – Воронеж: Интерлингва, 2002. – 40 с.
5. Мешінбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы: Абай атындағы Алматы университеті, 1999. – 163 б.
6. Оразбаева Ф.Ш. Деңгейлік қазақ тілі. – Алматы, 2019. – Т. 5. – 560 б.
7. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. –Б. 35-39.

К.К. Куркебаев

филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
kenje69@mail.ru

Ж.Е.Стамкулова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс докторанты, stamkulova.zhanerke3@gmail.com
Қазақстан, Алматы қ.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация. Использование методов дистанционного обучения на занятиях казахским языком является требованием сегодняшнего дня. В статье представлена структура организации занятий по казахскому языку на основе указанного метода. Кроме того, подготовлены планы занятий по направлению экспертизы на практической основе. В статье доказано, что планы онлайн-уроков имеют свои особенности по сравнению с обычными очными встречами. Учитываются уровень самовосприятия и способности обучающихся (студентов), включенных в эксперимент. Статья предназначена для всех учителей казахского языка и литературы и желающих получить знания.

Ключевые слова: казахский язык, дистанционное обучение, урок, эксперимент, практика, организация, методика, метод.

Abstract. The use of distance learning methods in Kazakh language classes is a requirement of today. The article presents the structure of organizing Kazakh language classes based on the specified method. In addition, lesson plans have been prepared in the direction of expertise on a practical basis. The article proves that online lesson plans have their own characteristics compared to regular face-to-face meetings. The level of self-perception and abilities of the learners (students) included in the experiment are taken into account. The article is intended for all teachers of the Kazakh language and literature and those wishing to gain knowledge.

Key words: Kazakh language, distance learning, lesson, experiment, practice, organization, methodology, method.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне екпін бермей, білім берудің ақпараттық технологияларын, яғни электронды оқулықтар мен бейнематериалдарды, ЖИ арқылы және басқа да платформалар арқылы қашықтықтан оқыту арнасы арқылы электронды оқыту жүйесін енгізбейінше кез келген әлеуметтік-педагогикалық саланы дамыту мүмкін емес.